

Алакөл ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Күшін жойған

Жетісу облысы Алакөл аудандық мәслихатының 2024 жылғы 19 наурыздағы № 26-1 шешімі. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2024 жылы 19 наурызда № 180-19 болып тіркелді. Күші жойылды - Жетісу облысы Алакөл аудандық мәслихатының 2025 жылғы 2 желтоқсандағы № 56-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жетісу облысы Алакөл аудандық мәслихатының 02.12.2025 № 56-3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімнің 2-тармағымен.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес, Алакөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алакөл ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшері 4 % (төрт пайыздан) 3 % (үш пайызға) дейін төмендетілсін.

2. Осы шешім 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Алакөл аудандық мәслихат төрағасы

Д. Каримов